

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТПЕ ГИМНАЗИЯСЫ» КММ**

КЕЛІСІЛДІ:

Директордың тәрбие ісі
жөніндегі орынбасары
С. Аманқосова _____

БЕКІТІЛДІ:

«Шетпе гимназиясы»
КММ директоры
Г. Нұрмағамбетова _____



«Ұшқыр ой» дебат клубы

Клуб жетекшісі: тарих пәні мұғалімі Р. Есболаев

Шетпе 2023

ТҮСІНІК ХАТ

«Пікір-сайыс – сөз додасы» - білім беру бағдарламасы білімнің гуманитарлық жүйесін нақты көздейтін жаңа бағыттағы үйірме. Оқушылар мен ұстаздарды да пікір-сайыстарға араластыруға, өз бетімен ізденуге, білім алу және жалпы шығармашылық белсенділігін арттыруға көзделген. Пікір-сайыстарға дайындық барысында оқушылар белгілі – бір тақырып бойынша мәлімет жинастырып, оларды қарама – қарсы бағыттарды қолдайтын екі түрлі позицияға арналған жоспарға топтастырылады. Олар жақтау және даттау топтарының кейстері. Осының нәтижесінде оқушылар кез-келген мәселеге біржақты көзқараста болудан арылып, терең, сын тұрғысынан оқушыларды, сонымен қатар парламент мүшелерін (класс оқушыларын) бөлудің әртүрлі жолдарын қарастыруға болады. Мысалы: психологиялық тренинг, сергіту, ойын элементтері арқылы, екінші СТО элементі жуан, жіңішке стратегиясы арқылы сұрақ жетегімен бөлуге болады. Жалпы пікір- талас, талқылау, дискуссия, диалог, бір мәселені көпшіліктің талқысына салу ақиқатқа жетудің ең кең тараған және оң нәтиже бере алатын формасы болып табылады. Алайда бұның да өз қыр-сырлары көп. Ең алдымен ол пікір-сайыстыратын мәселенің күрделілігі, кез-келген мәселе бойынша біріміз ақиқат деп білетін нәрсе басқаға мүлде олай емес. Пікір – талас барысында адамдар ортақ мәселе жайлы өз пікірлерін ортаға салады, олардың әр түрлі болуы заңды, пікір сайыстар арқылы тараптар ой бөлуге, өз көзқарастарының кемшіліктерін ашып, оларды ұштауға, кемелдендіруге мүмкіндік алады. Қысқасы, ақиқаттың ең озық таразысы көзқарастар бәсекесі. Бағдарлаәдебиет, тарих пәндеріндегі заман өзгеріснің өзіндік жаңаша көзқарасын сұрап тұратын тақырыптар көптің қасы.. Пікір-сайыс логикалық, психологиялық, адамгершілік және көптеген басқа аспектілерді қамтиды. Үлкен додалар өткізіп, оқушылардың лидерлерін анықтауға тигізер септігі бар.

Өзіндік көзқарасы бар, айналаны сыни тұрғыдан барлап, бағалайтын, шешім шығаруда өзгенің ойын таразылап, өз ойын өткізуге сенімді тұлға қалыптасуына септігі тиеді. Әртүрлі саладағы ғылымның теориясы мен практикасына терең бойлау былай тұрсын, оның тарихы, маңыздылығы, өміршендігі, пайдасы мен зиянында таразылай алатын дәрежеге жеткізеді. Білім беру бағдарламасының жан-жақты, тереңдетілген жайын ашады.. Пікір-сайыс әдеттегі пән олимпиадалары секілді. Жүйемен өткізілетін әр түрлі деңгейдегі пікір-сайыс бәсекелері арқылы жүзеге асыруға болады.

Олимпиадаларда оқушылар тек бір пән бойынша ғана білімдерін көрсете алса, пікір – сайыстарда олар жан – жақты, әр түрлі салалардағы білімдерін көрсетіп, жетілдіре алады. Пікір – сайыстардың әдеттегі олимпиадалардан айырмашылығы да, артықшылығы да осында. Үйірме оқушының тұлға, азамат ретіне жетілуіне, білім алуға деген қызығушылығының артуына зор ықпал етуі сөзсіз. Сонымен бірге пікір – сайыс бағдарламасы жаңа орта білім беру жүйесінің идеяларымен толық үйлеседі деуге де негіз бар.

«Ұшқыр ой» дебат клубының мақсаты:

Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішіліс пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

Дамытушылық: Шығармашылық жұмыстар орындату арқылы оқушылардың ой-өрісін, жоспар құру, тезиз жазу

Міндеттері:

- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру.
- Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау;
- Талантты жастарды ынталандыру;
- Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру;
- Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- Өз Отаны Қазақстан, оның басты құндылықтарын құрмет тұтып, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру
- Оқушылардың жауапкершілігінің және танымдық қабілеттерін түрлі пікірталастар арқылы ортаға салу
- Оқушыларды коммуникативтілікке, сөйлеу мәдениетіне, сөз өнеріне, тұжырымды ойын дәлелдей білуге баулу
- Оқушының өзін – өзі тәрбиелеуіне, өзін жіне өзгені бағалай білуге үйрету
- Сұлулықты түсіне білуге, өз Отанына, атамекеніне деген патриотымыз.
- Білікті, оқу – тәрбие беру.
- Мектептің үздік оқушыларын анықтап, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру.

Күтілетін нәтиже:

- Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану;
- Пікірсайыс арқылы белсенді азаматтық позициясы бар, жаңарған қоғамның жаңа азаматтары тәрбиеленеді.
- Басқа адамдардың көзқарастарымен санаса алатын озық ойлы азаматтардың қатарын көбейту;
- Жастарды өз бетімен білім алуға, ізденуге дағдыландырады;

- Жастардың бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауларына, пікір алмасуына, қарым-қатынас диалогін орнатуға мүмкіндік туғызады.
- Саяси сана сезімі, қоғамға көзқарасы ерекшеленеді
- Оқулық арқылы берілетін әдеби құндылықты терең меңгереді
- БАҚ құралдарын, кітапхана оқулықтарынан қажетті мәліметті ала алады
- Жұрт алдындағы сайыстарға еркін қатысады
- Заман талабына сай туындаған жастардың өзекті мәселерін талқылап оның шешілу жолында үздік ұсыныстар дайындау.

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШЕТПЕ ГИМНАЗИЯСЫ» КММ жанындағы
«Ұшқыр ой» дебат клубының құрамы**

№	Аты-жөні (төл құжат бойынша толық жазылу қажет)	Туылған күні, айы жылы	Сыныбы	Байланыс телефоны	Қолы
1	Хамзе Шыңғыс		8 – сынып		
2	Маликова Нұрдана		8 – сынып		
3	Рахмет Айзере		8 – сынып		
4	Жауымбаев Бекжан		9 – сынып		
5	Сұлтанғали Данияр		9 – сынып		
6	Теміртасқызы Мөлдір		9 – сынып		
7	Темірбекқызы Қарашаш		9 – сынып		
8	Төлеп Гүлдана		10 – сынып		
9	Қонай Зарина		10 – сынып		
10	Таскара Қалдыбек		10 – сынып		

**«Ұшқыр ой» дебат клубының
жылдық жоспары**

р/с	Тақырыбы	Мерзімі
1	БП жастарды ауылға тартудың тиімді механизмін көрсетеді	Қыркүйек
2	Жемқорлықсыз қоғамға қадам	Қазан
3	БП Қазақстан бойынша орыс тілді мектептерді қысқарту керек деп есептейді	Қараша

4	БП Қазақстан тарихындағы ең маңызды тұлғаны көрсетеді	Желтоқсан
5	БП балаларда адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу тактикасы ретінде қорқыныш сезімін қолдануды қолдайды	Қаңтар
6	БП ҚР-дағы құмар ойындардың барлық түрлеріне (лотореялар, букмекерлік кеңселер, казино) тыйым салады	Ақпан
7	БП қазақ дәстүрлерін сақтау жастардың қолында деп есептейді	Наурыз
8	БП кино қазақстандық жасөспірімдерге патриотизмді сіңірудің ең жақсы құралы деп санайды	Сәуір
9	БП білім сапасын көтеруде кедергі бар деп есептейді	Мамыр

Ақпарат

21.12 күні «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» апталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес мектепшілік «Жаңа Қазақстан» дебат сайысы өткізілді. «Ұшқыр ой» дебат клубының ұйымдастыруымен өткізілген сайыста 4 команда бақ сынады. Нәтижесінде «» тобы жеңіске жетті. Оқушылар дипломдармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды.



Ақпарат

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

«Біз жемқорлыққа қарсымыз» сыбайлас жемқорлыққа қарсы апталығының іс-шара жоспарына сәйкес «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат сайысы болып өтті. Сайысқа 2 оқушыдан 2 команда қатысты. Дебат Америкалық парламенттік форматта өткізілді. Оқушылар өз ойын білдіріп, мысал келтіріп, белсенді түрде қатысты

